

ОЗЫҚ САБАҚ

Облыстық ғылыми-әдістемелік журнал

МАЗМҰНЫ:

Чмаева Н.	Қазақтың қаһарман ұлы.....	2
Каримказова Г.	Тәуелсіздік қырандары.....	5
Ибрагимова А.	В гости к эже.....	7
Ризен П.	Использование искусственного интеллекта как передовой технологии в работе логопеда.....	8
Нуржаубаева Ж.	Мектепке дейінгі ұйымда қолдануға тиімді денсаулық сақтау технологиялары.....	10
Искандерова Н.	С попугаем я дружу, все узнать о нем хочу!.....	12
Кульбаракова А.	Мектепке дейінгі ұйымдарда дәстүрден тыс техникаларды қолдану.....	14
Атамкулова Б.	Қиын оқушымен жұмыстың тиімді әдістері: тәжірибе және нәтижелер.....	17
Карбетова З.	Тарих тағылым.....	18
Жолдас Е.	Ұлттық ойын асық ату дағдыларын қалыптастырудағы тиімді әдіс-тәсілдері.....	20
Бақытбекқызы А.	Жасушаның тіршілік әрекеті және оның организм дамуындағы рөлі.....	21
Байтанова А.	Білім берудегі комплаенс офицердің рөлі.....	22
Бахадирова Ж.	Мәндірістік оқыту шебері: кәсіби білікті маман дайындаудағы негізгі тұлға.....	23
Турганбаев К.	1822-1824 жылдардағы патша реформалары.....	24
Бекмуратова А.	Современные виды транспорта. Правописание не с прилагательными. Чередующиеся гласные о — а в корне слова	26
Калыкова Т.	Мәтіннің түрлері.....	28

ЖУРНАЛ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІНДЕ ҚАЙТА ТІРКЕЛІП,
03.11.2023 жылы
№KZ82VPY00081003 КҮӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Меншік иесі:
"ДАРҒЫН" шығармашылық
орталығы" ЖШС

№4 (96)
(қосымшасы) (қазан - желтоқсан),
2025 жыл

Журнал
2014 жылдың қыркүйек
айынан шыға бастады

Журнал
екі айда бір рет шығады

Директор - Бас редактор:
**Райхан
БОСТАНОВА**

Редакцияның мекенжайы:
Тараз қаласы,
Байзақ батыр көшесі, №40

Жазылым индексі:
76263

Байланыс телефондары:
8(7262) 45-86-37
8 771 234 66 08
8 702 675 62 48

Электрондық пошта:
ozyk_sabak@mail.ru

Журнал
"Үш қиян" ЖШС
баспаханасында басылды.

Көлемі: 3 баспа табақ
Таралымы: 2316






Мекенжайы:
Алматы қаласы
Жангелдин көшесі, №31



ЧМАЕВА Назипа Диханбаевна,
Санаториялық типтегі сауықтыру орталығы
“Нұр Әлім” мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Тараз қаласы.




ҚАЗАҚТЫҢ ҚАҺАРМАН ҰЛЫ


Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	3.4.1.1 тақырыпқа сәйкес сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу.
Сабақтың мақсаты	Тақырыпқа сәйкес сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазады.

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<p>Ұйымдастыру. Сәлемдесу. Топқа бөлу:</p>  <p>Екі оюдың ұнағанын таңдау арқылы 2 топқа («Батыр», «Жазушы») бөліп аламын.</p>	Оқушылар аман-дасады.	 <p>Әрбір дұрыс жауапқа ою беріп отырамын.</p>	слайд суреттер   
Ортасы	<p>Ой қозғау. Бауыржан Момышұлы туралы бейнежазба көрсетемін. https://youtu.be/-KImXo18iLIn. Тыңдаған бейнежазба бойынша сұрақтарға жауап береді.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Балалар біз кім туралы бейнежазба көрдік? 2.Бауыржан Момышұлы кім? 3.Ол қай жылы, қай жерде дүниеге келген? 4.Бауыржан Момышұлы қандай соғысқа қатысты? 5.Бауыржан неше жасында анасы Рәзия қайтыс болған? 	Бауыржан Момышұлы туралы бейнежазбаны мұқият қарайды, сұрақтарға жауап береді.	Дескриптор: Бауыржан Момышұлы туралы бейнежазбаны мұқият қарайды, сұрақтарға жауап береді.	

	 <p>Бауыржан Момышұлы - даңқты қолбасшы, хаық қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, жазушыл. Ол 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау ауылында туған. Анасы Рәзия дүниеден ерте өтіп, Бауыржан 3 жасынан бастап Қызтумас әжесінің қолында өседі. 1921 жылы бастауыш сыныпты оқуға Аса интернатына түседі. 1924 жылдан бастап жеті жылдық мектепті Шымкент қаласында оқиды. Бұл сол өңірдегі 1924 жылы ашылған алғашқы жетіжылдық мектеп болатын.</p>  <p>Бақытжан Момышұлы - Бауыржан Момышұлының ұлы, - жазушы, аудармашы</p>  <p>Зейнеп Ахметова - Бауыржан Момышұлының келіні, Бақытжан Момышұлының жұбайы, жазушы, қазақы дәстүрлерді насихаттаушы. Бауыржан атамыздың бастан кешкендері жайлы қалам тербеп, мемуар кітап жазды.</p>		 	
	<p>Жаңа сөздер: Батыр, қаһарман -герой Жазушы-писатель Ескерткіш-памятник Нақыл сөз-цитата Ою-орнамент.</p>	<p>жаңа сөздерді оқиды, қайталайды, жаңа сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырады.</p>		
	<p>Айтылым. 1-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер. Бауыржан Момышұлы суретті жақсы салған. Өзі салған автопортретінің бірнеше нұсқасы бар.</p>	<p>Мәтінді оқиды, Сұрақтарға жауап береді.</p>		

	<p>Әр дәптердің бетіне де түрлі суреттер салып отырған. Бауыржан ата ою да ойған. Әр оюдың артында қашан ойылғаны туралы мәлімет бар. Бауыржан атаның оюларын келіні-Зейнеп Ахметова жинаған.</p> <p>1.Бауыржан Момышұлының біз білмейтін тағы қандай өнері бар екен?</p> <p>2. Әр оюдың артында қандай мәлімет жазылған?</p> <p>3.Бауыржан атаның ойын кім жинаған?</p> <p>Сергіту сәті: (3 мин) «Дене мүшелеріміз қалай сөйлейді?»</p>		<p>Дескриптор:</p> <p>Мәтінді оқиды, Сұрақтарға жауап береді. Бағалау:</p> 	
	<p>Жазылым.</p> <p>2-тапсырма. Дұрыс сөйлем құрап жаз.</p> <p>1.Батыр ұлдарының қазақтың Бауыржан Момышұлы-бірі.</p> <p>2.Ұлы Отан ол қатысқан соғысына. 3.Деген атқа ие «Халық қаһарманы» болған.</p> <p>4.Балуан және жазушы ол болған адам. 5. Көше бар Алматы қаласында Бауыржан Момышұлы атында.</p> <p>6. «Жазушыға», «Ана тілін ардақта», «Досыма» оның соғыс уақытында жазған деген өлеңдері бар.</p>			
	<p>Бекіту:</p> <p>3-тапсырма. «Табан ізі» әдісі. Әр топтан бір-бір оқушыдан шығады, дұрыс жауап берген оқушы бір қадам алға басып, орнына бірінші жету керек.</p> <p>1. Бауыржан Момышұлы – кім? (даңқты қолбасшы, халық қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, жазушы)</p> <p>2. Бауыржан Момышұлы қай жылы, қай жерде дүниеге келген? (1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Мыңбұлақ ауылында)</p> <p>3. Бауыржан Момышұлы қандай соғысқа қатысқан? (Ұлы Отан соғысына)</p> <p>4. Бауыржан Момышұлы неше жасында анасы Рәзия дүниеден өтеді? (Үш жасында)</p>	<p>Сұрақтарға дұрыс, жылдам жауап береді.</p>	<p>Дескриптор:</p> <p>Сұрақтарға дұрыс, жылдам жауап береді.</p>	

	Кері байланыс: «Тик-ток» әдісі  - Сабақ түсінікті.  - Түсініксіз тұстары ...  - Мүлдем түсініксіз.			
Соңы	Үй тапсырмасы: 2-тапсырма, 57 бет. Бауыржан Момышұлының нақыл сөздерін жаттау.			



КАРИМКАЗОВА Гулнур Бердимуратовна,
Тұрар Рысқұлов атындағы
№48 орта мектебі жанындағы
“Ботақан” шағын орталығының
дене шынықтыру нұсқаушысы.
Тараз қаласы.

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚЫРАНДАРЫ

Мақсаты: Балалардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызу. Балалардың денесін шындап күш-қуатын нығайту, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балаларды ойын арқылы ақыл-ойының толысып өсуіне ықпал жасау. Жарыс кезінде ойынға қызыға қатысуына жағдай жасау, бір-біріне достық қарым-қатынастарын дамыту. Дене шынықтыру оқу іс-әрекетіне қызығушылығын арттыру. Дене тәрбиесі процестеріндегі сауықтыру міндеттерін жүзеге асыру.

Қажетті құралдар: Зал іші мерекеге сай безендірілген, жалаушалар, эстафеталық заттар, екі топ жетістігін көрсететін сандар, түрлі-түсті шарлар, доптар, туннель, шеңбер, доптар, ысқырық, т.б.

Педагог: Құрметті әріптестер, балабақша тәрбиеленушілері және спорт сүйер жанкүйер қауым. Бүгін шағын орталық «Күншуақ» және

«Құлыншақ» ортаңғы топ тәрбиеленушілерінің қатысуымен «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» мақсатында екі топ арасында мерекелік сауықтыру іс-шарасын өткізгелі отырмыз. Балаларды салауатты өмір салтына баулу арқылы денсаулығын сақтау, нығайту, денешынықтырудың ролін көтеру. Патриоттық тәрбие беру. Егеменді еліміздің ертеңгі денсаулығы мықты азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеу біздің міндетіміз.

Іс-шарамызды бастауға рұқсат етіңіздер.

I.Ұйымдастыру кезеңі:

Шынықсаң шымыр боласың,

Сауығып айдай толасың.

Спортты серік ете біл,

Жақсы азамат боласың.

Жеңімпаз болу оңай ма,

Арман болған талайға?

*Болмасаң да ұқсап бақ,
Жарысқа түсіп қалайда.*

II. Негізгі бөлім

Құрметті әріптестер және кішкентай көрермендер бүгінгі «Тәуелсіздік қырандары» атты спорттық сайысына қош келдіңіздер!

Көңілді жарысқа «Күншуақ» және «Құлыншақ» топ бүлдіршіндері қатысады.

Әр таңды бақытпенен аттырамыз

Өнерді ой көгінде бақылаңыз,

Сайысқа қатысуға енді ортаға

топ бүлдіршіндерін шақырамыз.

(әр топ өз орындарына келіп тұрады)

Ал, құрметті халайық!

Жарысты енді көріңдер

Әділ қазы алқасы

Әділ баға беріңдер!

Сайысты бастамас бұрын, сайысымызға әділ баға беретін әділқазылар алқасымен таныстырайық.

1. Әдіскер -

2. Медбике -

Спорттық сайысымыз 3/4/5 баллдық жүйемен бағаланады.

Сайыстың бағдарламасы 6 кезеңнен тұрады

1. «Эстафета»

2. «Пингвин»

3. «Тепе-теңдікті сақта»

4. «Кім шапшаң?»

5. «Кім күшті?»

Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар!

Сайысымызды бастаймыз.

«Күншуақ» тобын ортаға шақырамыз

Топтың ұраны: «Күншуақ» тобы алға

Бәріміз біріміз үшін!

«Құлыншақ» тобын ортаға шақырамыз

Топтың ұраны: Біз әрқашанда мықты

Бәрін жеңіп шықты.

I кезең: «Эстафета»

Шарты: Әр топ қатысушылары жалаушаны алып мәреге дейін жүгіріп барып өз орынына келіп өзінен

кейінгі қатысушыға жалаушаны тапсыруы қажет, қай топ бірінші мәреге жетсе сол топ жеңімпаз.

II кезең: «Пингвин»

Шарты: Допты аяқ арасына қысып алып, жерге құлатпай пингвиндер жүрісімен жүріп, мәреге жетуі тиіс, қай топ бірінші келсе сол топ жеңімпаз.

III кезең: «Тепе-теңдікті сақта»

Шарты: Әр қатысушы тепе-теңдікті сақтап, допты түсірмей мәреге дейін жүріп барып, қайта келуі тиіс, қай топ мүшелері бірінші болып келсе сол топ жеңімпаз.

IV кезең: «Кім шапшаң?»

Шарты: Іздері бар кілемшемен жүріп, туннельден өту, обручтан секіріп орындарына бірінші келген топ жеңімпаз болады.

V кезең: «Кім күшті?»

Шарты: Қазақтың ұлттық ойыны «Арқан тарту». Екі топтың балалары арқан тарту арқылы күштерін сынамақ.

Қорытынды бөлім

Жарыс заңы ежелден-

Жеңімпазды анықтау

Жеңімпаз болу шарты сол-

Еңбектену, жалықпау

Біреу озса сайыста,

Біреу артта қалады

Жеңілгендер ренжімей

Тараса бізге жарады, - демекші сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып жеңімпаздарды марапаттауға әділқазы алқасына сөз кезегін берейік.

Құрметті қонақтар, спорт жанкүйерлері! Бүгінгі эстафеталық жарысымыз осымен аяқталды. Бүгінгі жарысқа қатысқан бүлдіршіндерге алғысымызды білдіреміз! Алдағы күндері үлкен биіктерден көріне беріңдер! Бүгінгі жеңістерің құтты болсын!

ИБРАГИМОВА Амина Сулеймоновна,
воспитатель
ТОО «Оздоровительный центр санаторного типа
«Детский сад, школа-гимназия «Нур Алим».
Город Тараз.

В ГОСТИ К ЭЖЕ

Задачи: Уточнить представления детей о домашних животных, воспитывать чувство любви к окружающему миру, бережное отношение к обитателям живой природы. Развивать координацию движений, умение, ловкость и быстроту через использование нетрадиционного оборудования и нетрадиционных методов оздоровления организма.

Познакомить детей с нетрадиционным видом рисования на молоке.

Методы и приемы:

Утренний круг «Солнышко», «сухой бассейн» «Найди животных», Дыхательная гимнастика «Подуй на перышко», фитотерапия, релаксация, кумысотерапия, художественное слово, пальчиковая гимнастика, арттерапия, дорожка здоровья.

Воспитатель:

-В нашем зале гости нас встречают, улыбки дарят, звать приглашают. В ответ всем взрослым улыбнитесь, здравствуйте скажите и ко мне повернитесь.

Утренний круг «Солнышко»

Солнышко, солнышко в небе свети!

Яркие лучики нам протяни

Руки мы вложим в ладошки твои

Нас покружи, оторвав от земли

Там все мы встанем дружно в кружок

С песнями водим мы хоровод

Солнышко снами по кругу идет

Хлопают радостно наши ладошки

Быстро шагают резвые ножки

Солнышко скрылось, ушло на покой

Мы же на место сядем с тобой!

Сегодня мне позвонила эже и пригласила к себе в гости соседний аул! Пойдем в гости к бабушке?

«Дорожка препятствий»

1 «Следы»

2 Классики

3 Камушки

4 Речка

5 Туннель

Воспитатель: Вот мы и пришли в аул к эже .
 Как называется жилище казахов? (юрта)

А вот и юрта нашей эже .

Эже -здоровается с детьми. Ребята у меня беда!
 Все мои домашние животные спрятались. Вы мне можете их найти?

«Найди животных»

Воспитатель: Какие это птицы и животные дикие или домашние? Чем отличаются домашние животные от диких?

Эже -Мои питомцы приносят мне пользу. Куры , гуси, утки дают мясо , яйца и пух.

Вот и для вас приготовили гостинцы.

«Подуй на перышко»

Голос лошади Кто это так кричи?

Из древне казахи занимались скотоводством, разводили овец, лошадей, джигиты устраивали на лошадях скачки-байгу, играли в игры.

«Тенге алу»

Воспитатель – А какую пользу дают лошади? (мясо, молоко) Как называется молоко лошади? (кумыс)

Кумыс очень полезный.

Эже угощает детей кумысом .

Голос коровы. А вот и моя любимица Буренка.

«Серсо Буренка»

Воспитатель: эже, а чем вы кормите своих животных?

Эже: летом я даю им свежую травку, а зимой сухую траву- сено. Давайте покормим коровку и лошадок.

«Фитотерапия»

Дети откройте мешочки и понюхайте , как пахнет сено. Оно пахнет летом, вдыхайте аромат травы, закройте глаза и представьте зеленый луг, шелковистую травку, на лугу пасутся коровки, летают бабочки и светит солнце! Вспомнили лето!

Әже: Вот Буренка моя поела, теперь ее нужно подоить.

Воспитатель: А что еще делают из молока?

Стихотворение

Что корова нам дает?

И сметану и кефир.

Сливки, ряженку и сыр,

Молоко для вкусной каши ,

Нам дает Буренка наша!

Воспитатель: Очень вкусные и полезные продукты! Пейте дети молоко, будете здоровы!

Әже: А хотите я вас научу рисовать на молоке?

«Буренка»

Коровушка, коровушка!

Рогатая головушка!

Малых деток не бодай!

Молока им лучше дай!


Рисование на молоке

Спасибо, Әже! Нам пора возвращаться в детский сад!

Әже: - идите по короткой дорожке! До свидания!

«Дорожка Здоровья»

Вот мы и в саду! Вам понравилось наше путешествие? Что нового вы узнали? Что понравилось? До свидания гостям!



РИЗЕН Павел Александрович,
логопед
ТОО «Оздоровительный центр санаторного типа
«Детский сад, школа-гимназия «Нур Алим».
Город Тараз.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА КАК ПЕРЕДОВОЙ ТЕХНОЛОГИИ В РАБОТЕ ЛОГОПЕДА

Аннотация

Статья посвящена современным возможностям применения искусственного интеллекта (ИИ) в логопедической практике. Рассматриваются ключевые направления использования ИИ в диагностике, коррекции речевых нарушений и организации индивидуального сопровождения детей. Отмечаются преимущества цифровых технологий и перспективы их дальнейшего развития.

Введение

Развитие цифровых технологий приводит к существенным изменениям в системе образования и коррекционной педагогики. Логопедия — одна из тех областей, где инновации особенно востребованы. Традиционные методы остаются значимыми,

однако их дополнение инструментами искусственного интеллекта позволяет повысить точность диагностики, сократить время на рутинные операции и обеспечить индивидуальный подход к каждому ребёнку.

1. Искусственный интеллект в диагностике речевых нарушений

ИИ обеспечивает новые возможности для углублённой и объективной оценки речи. Современные алгоритмы способны:

- распознавать и анализировать устную речь ребёнка в режиме реального времени;
- выявлять неточности в произношении определённых звуков;
- фиксировать динамику речевых изменений;

- автоматически формировать диагностические отчёты.

Использование ИИ повышает точность оценки звукопроизношения, темпа, ритма и интонационной выразительности речи, что делает диагностику более быстрой и системной.

2. Персонализация коррекционной работы

Одним из ключевых преимуществ ИИ является создание индивидуальных траекторий развития речи. Система может учитывать:

- возрастные особенности ребёнка;
- уровень сформированности речи;
- наличие нарушенных звуков;
- интересы и мотивационные предпочтения;
- эмоциональное состояние.

На основе этих данных ИИ подбирает оптимальный набор упражнений: артикуляционную гимнастику, чистоговорки, дыхательные задания, фонематические упражнения и игровые задания. Такой подход повышает эффективность работы и снижает нагрузку на ребёнка.

3. Интерактивные и игровые решения на основе ИИ

Игровые технологии с элементами искусственного интеллекта делают процесс коррекции более увлекательным и доступным.

Они позволяют:

- выполнять упражнения, которые адаптируются в зависимости от ответа ребёнка;
- взаимодействовать с виртуальными персонажами, реагирующими на голос;
- участвовать в речевых миссиях и сюжетных заданиях;
- развивать речь в игровой форме без ощущения учебного давления.

Игры на базе ИИ способствуют мотивации, создают положительный эмоциональный фон и помогают детям легче включаться в работу.

4. ИИ как инструмент поддержки логопеда

Искусственный интеллект не заменяет специалиста, но существенно облегчает его деятельность. Технология может выполнять ряд задач:

- вести автоматический учёт результатов занятий;
- формировать индивидуальные планы;
- анализировать аудиозаписи речи;

подбирать материалы для занятий;
создавать отчёты для родителей и специалистов.

Это сокращает время, которое логопед тратит на подготовку и обработку данных, позволяя сосредоточиться на личной работе с ребёнком и профессиональном анализе.

5. Дополнительные возможности ИИ

ИИ даёт логопеду доступ к широкому спектру инновационных инструментов:

- виртуальный логопед-помощник;
- автоматический генератор упражнений, текстов и речевых материалов;
- системы распознавания предметов через камеру для расширения словаря;
- модули для развития речи у детей с задержками речевого развития;
- платформы для групповых занятий и взаимодействия детей в режиме онлайн.

Эти технологии значительно расширяют арсенал специалиста и открывают новые методы коррекционной работы.

6. Перспективы развития цифровой логопедии

В ближайшие годы ожидается дальнейшее совершенствование ИИ-систем. Среди перспективных направлений:

- создание многофункциональных цифровых речевых карт;
- интеграция ИИ с технологиями виртуальной и дополненной реальности;
- развитие многоязычных моделей диагностики;
- автоматическое выявление риска речевых нарушений на раннем этапе;
- анализ больших данных для определения эффективности методик.

Такие решения позволят логопедам работать точнее, быстрее и эффективнее.

Заключение

Внедрение искусственного интеллекта в логопедическую практику открывает широкие возможности для повышения качества коррекционной работы. ИИ помогает сделать диагностику более точной, занятия — более адаптивными и интересными, а сопровождение ребёнка — непрерывным и системным. Технологии не заменяют специалиста, но усиливают его профессиональные возможности, позволяя достигать устойчивых результатов в развитии речи детей.



НУРЖАУБАЕВА Жаркынай Махсүтовна,
Санаториялық типтегі сауықтыру орталығы
“Нұр Әлім” балабақша, мектеп-гимназиясының
тәрбиешісі.
Тараз қаласы.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ҚОЛДАНУҒА ТИІМДІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымда баланың денсаулығын сақтаудың, салауатты өмір салтын ұйымдастыру мен бала денсаулығын шыңдаудың мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады.

Міндеттер:

- мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау технологиясын қолдану мүмкіндіктерін анықтау;
- денсаулық сақтау технологиясына сипаттама бере отырып, мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау технологиясын пайдалану әдістемесін ұсыну;
- білім берудің жаңа технологияларын қолдану (денсаулық сақтау, ақпараттық) ғылыми - әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету, оларды іске асыру механизмдерін жетілдіру;
- балалардың денсаулығын сақтау мақсатында инновациялық бағыттағы материалдық - техникалық база қалыптастыру.

Қазіргі кездегі елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігінен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға даярлау. Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан - жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі.

Мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашар-

лап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым - қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құру баланың тек психологиялық жеке - дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру қажет.

Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Балабақша жұмысына денсаулық сақтау технологияларын енгізу қажетті заман талабынан туындайды.

Осыған орай жұмыстың объектісі – мектепке дейінгі жаста баланың денсаулығын қорғау болып саналады.

Мақсаты - мектепке дейінгі ұйымда баланың денсаулығын сақтаудың, салауатты өмір салтын ұйымдастыру мен бала денсаулығын шыңдаудың мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады.

Міндеттер:

- мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау технологиясын қолдану мүмкіндіктерін анықтау;
- денсаулық сақтау технологиясына сипаттама бере отырып, мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау технологиясын пайдалану әдістемесін ұсыну;
- білім берудің жаңа технологияларын қолдану (денсаулық сақтау, ақпараттық) ғылыми - әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету, оларды іске асыру механизмдерін жетілдіру;
- балалардың денсаулығын сақтау мақсатында инновациялық бағыттағы материалдық - техникалық база қалыптастыру.

Күтілетін нәтижесі:

Мектепке дейінгі мекемедегі балалардың дені сау, психологиялық және интеллектуалдық тұрғыда жан - жақты қалыптасқан, бастауышқа дайын болған мекеме түлегі.

Тәрбиешінің балалармен жұмыс жүргізуіндегі денсаулық сақтау технологиялары.

Баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене жаттығуларын жасауға қызғушылықтарын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуда мектепке дейінгі мекемеде денсаулық сақтау технологияларының түрлері:

Балабақшада оқу - тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Осындай мәселені шешу барысында біздің анықтағанымыз, баланың денсаулығын нығайтуда және аурудың алдын - алуда тек қана баланың қимыл белсенділіктерін көтеру өте аз, сонымен қатар шынықтыру шараларын жүйелі өткізу керек. Ол үшін педагог дәстүрлі жұмыстарға дәстүрден тыс жұмыс түрлерінің жүйесін тудыруы жөн.

Мысалы, жалаң аяқ жүру табан мен буындарды бекіту әдісі болып табылғандықтан барлық жаттығуларды жалаң аяқ ұйымдастырған өте ұтымды болады.

Ертеңгілік жаттығуда әртүрлі формаларды қолдану:

Тыныс алу жаттығулары

Жалпақтабандылықтың алдын - алу жаттығулары

Сымбатты түзету жаттығулары

Созылу(стретчинг) жаттығулары

Йога жаттығулары

Көзге арналған жаттығулар

Таңертеңгі жаттығудан кейін тыныс алу немесе тұзды жолмен жүру өте тиімді. Сонымен қатар дене тәрбие сабақтарында дәстүрден тыс құрал - жабдықтарды қолданған жөн.

Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Бұл балаға балалық шақтан бастап ағзасын кез - келген ауруға қарсы тұруына маңызды.

Себебі ағзада барлық өмірлік әрекеттер белгілі бір тәртіппен жүріп отырады. Жүрек ырғақты жұмыс жасайды, жиырылуы - босауы, тыныс алу, дем алумен - дем шығару кезектеседі, асқазандағы аста белгілі уақытта қорытылып отырады.

Жалпы табиғатта барлық жағдайлар белгілі реттілікпен жүреді: жыл мезгілдерінің, күн мен түн ауысуы...

Міне, сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде күн тәртібі сақталуға қатаң көңіл бөлінген. Шынықтыру – сауықтырудың да тәртібі болған жағдайда ғана баланың ағзасына тиімді болады.

Мектепке дейінгі ұйымындағы денсаулық сақтау педагогикалық технологиялары

Мектепке дейінгі кезең – бала ағзасының өте қарқынды дамиды кезеңі екенін білеміз. Яғни осы жас шамадағы баланың ағзасының барлық жүйке жүйелері мен дене мүшелерінің, жүйкелік - психикалық дамуы қалыптаса түскен кезі.

Сондықтан да мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау іс - шаралары кешенді де жүйелі жүргізілуі қажет. Сонда ғана жаңа өсіп келе жатқан өскелең ағза сыртқы факторлар әсеріне төтеп бере алатын болады.

Денсаулық сақтау технологияларының кешенді жүргізудің басты мақсаты

Мектепке дейінгі балалардың қимыл - әрекеттерін жетілдіріп, оның ағзасын суыққа төзімді болуға жаттықтыру.

Дені сау баланы өсіруде бірнеше бағыттар алынды.

Балалар ауруларын төмендетуге мүмкіндіктер жасау үшін педагогтардың кәсіби - шеберліктерін өрлету және де ата - аналармен ынтымақтаса отырып, шынықтыруды кешенді ұйымдастыру

Бұл іс - шаралар барлық білім салаларымен байланыстырып, әрекеттестіріп жалпы «Денсаулық сақтау технологиялары» деп аталады.

Шынықтырудың негізгі міндеттері

Баланың тұлғалық ерекшелігін ескере күш - қайраттарын қалыптастыру және денсаулығын шынықтыруды жүзеге асыру. Бұл міндеттерге, тек шынықтыру шараларының кешенді түрде өткізгенде ғана нәтижеге қол жеткізді, яғни балабақшадағы баланың болған бір күні - оның ағзасына пайдалы дәрумендерді енгізіп асмәзірін түрлендіріп, оны балаға жеткізу, қарапайым шынықтыру мен қатар арнайы жоспарланған шараларды, қимыл - әрекеті үйлесімді ұйымдастырылады.

Баламен шынықтыру шараларын ұйымдастыру алдында бірнеше ережелерді сақтау керек:

Дені сау баламен шынықтыруды жүйелі жүргізу, оның теріс эмоциясын (үрей, жылау, мазасыздық) тудырмайтын және біртіндеп үдетіп, ұзартылып, медбике мен педагогтың қатаң қадағалауында болуы қажет.



ИСКАНДЕРОВА Нигарь Мавлютқызы,
воспитатель
ТОО «Оздоровительный центр санаторного типа
«Детский сад, школа-гимназия «Нур Алим».
Город Тараз.

Занятие-наблюдение за живым объектом в живом уголке «С ПОПУГАЕМ Я ДРУЖУ, ВСЕ УЗНАТЬ О НЕМ ХОЧУ!»

Цель:

- Продолжать формирование представления у дошкольников о попугае как живом существе, его основных признаках и потребностях.
- Вовлекать детей в элементарную исследовательскую деятельность по изучению попугая.
- Обогащать словарь детей глаголами за счет расширения представлений о действиях попугая.
- Продолжать формировать заботливое отношение к крылатому обитателю уголка природы, оказывать посильную помощь воспитателю в уходе за птицей.

Материалы и оборудование:

- одноразовые тарелки по количеству детей с семенами подсолнуха и фосодем, насыпаны вперемешку;
- Тарелка для овощей;
- Колокольчик;
- Мягкая игрушка;
- Корм для попугая;

Предварительная работа: беседы и наблюдения за птицами, разучивание загадок о птицах, чтение художественной литературы.

Билингвальный компонент: попугай – тоты құс, а parrot.

Ход занятия

Организационный момент.

Воспитатель: - Ребята, подойдите ко мне, давайте поиграем.

«Жил на свете попугай».

Жил на свете попугай.

Крылья шире расправляй. (руки в стороны, влево, вправо)

Он любил летать всех выше,
Выше пальм, жирафов выше. (потянуться на носках, руки вверх)
В гости к деткам прилетал,
Вместе с ними отдыхал, (приседания)
Прыгал, кланялся, шалил,
И всем здравствуй, говорил. (наклоны головы или туловища вперед)
Дети сидят на стульчиках, стоящих полукругом.
Звучит грамзапись «Пение птиц»
- Дети, кто это так красиво поет? (Птички. Если дети затрудняются с ответом, воспитатель сам говорит.)

- Послушайте еще раз, как они звонко поют. (Воспитатель включает запись «Пение птиц») (Дети слушают пение птиц).

- Дети, а вы хотите увидеть птичку? (дети отвечают: да)

Воспитатель: я хотела показать вам картинку, но подул ветер и все мои картинки перепутались.

- Вы поможете мне собрать картинку? (Да)

- Дети скажите, кто же у нас получился? (Попугай)

- Правильно ребята у нас на картинке попугай.

- Ребята скажите, а где у нас в группе может жить попугай? (В живом уголке)

Какие правила мы должны соблюдать возле попугая? (Соблюдать тишину, не разговаривать громко, не давать продукты, которые он не ест)

Воспитатель вносит клетку с попугаем, покрывную тканью, ставит на стол.

- Дети, как вы думаете, кто это к нам пришел? (Ответы детей).

Воспитатель убирает ткань, взору детей откры-

вається попугай в клетке

-Детки, кто это? (Птичка, попугай, Кеша)

- Да, это птичка – попугай. Его зовут Кеша. У него есть тело, голова, хвост, лапки, крылья; на голове глаза, клюв; тельце покрыто перьями. Попугай очень красивый. (Дети любят попугаем, реагируют эмоционально)

Воспитатель показывает на доске части тела, побуждая детей тоже найти их.

-Вот у птички голова (показывает) Мадина, а где у птички голова? (Мадина показывает у птички голову.)

-София, покажи глаза у птички. (София показывает)

- Ильдар, покажи глазки. Покажи, Асмира глазки (Дети показывают).

-Асая, где у птички носик? Как он называется? (Асая показывает. – Клюв, - говорит Асая)

Воспитатель просит показать клюв еще 2-3 детей (дети показывают)

- Марьям, покажи у птички хвост (Марьям показывает хвост)

- Где хвостик у птички, покажи Айше. (Айше показывает)

Дениза, покажи у птички крылья. (Дениза показывает крылья).

- Детки, а зачем птичке крылья. (-Летать! Если дети молчат, говорит воспитатель)

- Детки покажем, как летают птички, а для этого мы с вами поиграем в игру «Птицы в гнёздах».

Игра «Птицы в гнёздах» проводится 2 раза (Дети «летают» по группе под музыку, как только музыка останавливается, залетают в «гнёзда» (в обручи);

- Садитесь, детки на стульчики.

-Для того чтобы ещё больше узнать о нашем попугае, расскажите стихотворения.

- Как вы думаете, а попугай слышат?

- Давайте проверим! Только у нас должна быть полная тишина!!!

Опыт «Слышит ли попугай?»:

Педагог берет колокольчик, звенит возле клетки.

Воспитатель: Что делает попугай? (Оборачивается, прислушивается, повернул голову на звук)

Воспитатель: Он слышит колокольчик?

У попугая есть уши, но их не видно, они под перьями, он слышит хорошо. А еще попугай может испугаться резких, громких звуков, а также он может повторять слова, которые произносятся чаще других.

Попугай у нас живёт один в клетке и чтобы ему не было скучно в клетку вешают зеркало. Смотри на

зеркало, попугай думает, что он не один.

А давайте с помощью танграма сделаем ещё друзей для нашего Кеша.

Танграм «птичка»



Воспитатель: Давайте теперь я накормлю попугая. Дам ему зернышек, посмотрим, будет ли он клевать?

Опыт: «Что ест попугай»:

Педагог подносит тарелочку с зернышками к попугаю (Да, клюет)

Упражнение по сортировке корма:

Воспитатель: Представьте теперь, что вы – попугайчики, и попробуйте рассортировать корм, который опять смешал нам ветер. (Каждый ребенок получает одноразовую тарелку с семенами подсолнуха и фасолью, насыпанными вперемешку)

Воспитатель: Соедините указательный и большой пальцы так, чтобы они были похожи на клюв попугая и переберите корм, вытаскивая только семечки, так как фасоль – не корм для попугая.

Воспитатель: Попугая нужно кормить разнообразным кормом, чтобы он не болел.

Рефлексия.

Воспитатель с детьми подводит итоги занятия: Как нужно относиться к живому попугаю?

Попугая нужно кормить, поить водой каждый день, и он будет здоровым, веселым. И еще ему нужно говорить хорошие и ласковые слова. С клетки каждый день убирать остатки пищи, а корм должен быть только свежий.

Как и у всех птиц, у попугаев время от времени происходит линька, т. е., старые перья выпадают, а взамен выпавших отрастает новое оперение. Первая линька происходит через 3-4 месяца после рождения. В этот момент птенцовый пух заменяется на взрослые перья.

Кеша тоже принёс нам подарки, свои старые перья, чтобы с помощью них мы с вами делали дыхательную гимнастику.

Воспитатель: Раз он у нас хорошо слышит, как нужно вести себя около клетки? (Спокойно, чтобы не напугать попугая, пугать нельзя – он может заболеть. Трогать клетку тоже нельзя, смотрим только глазками).



КУЛЬБАРАКОВА Айгул Тургынбаевна,
Санаториялық типтегі сауықтыру орталығы
“Нұр Әлім” балабақша, мектеп-гимназиясының
тәрбиешісі.
Тараз қаласы.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ДӘСТҮРДЕН ТЫС ТЕХНИКАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Мақсаты: Бейнелеудегі мектепке дейінгі балалардың шығармашылық ойы мен қиялын дамытудағы, шығармашылық белсенділігін аттырудағы дәстүрлі емес тәсілдердің маңызын ашу. Балабақшадағы үйірмелер жұмысының өзектілігін көрсету. Педагогтарды дәстүрлі емес бояудың сан алуандылығымен таныстыру.

Даярлық кезең:

1. Әр түрлі әдісте орындалған балалар суреттерінің көрмесін дайындау.
2. Дәстүрлі емес әдісте қолданылатын материалдарды көрсету.
3. Дәйексөздер

«Балалық шақ адам өміріндегі маңызды кезеңі, келешек өмірге дайындық емес, нақты, жарқыраған, ерекше, қайталанбайтын өмір. Балалық шағының өтілуінен, баланың балалық шағында қолынан жетелеген адамынан, қоршаған ортадан оның ойы мен жүрегіне не ұялатқаннан - бүгінгі бөбектеріміз қандай адам болатынын көруге болады». (В. А. Сухомлинский)

Теориялық кезең

Дәстүрлі емес бейнелеу техникалары.

Жартылай құрғақ қылқаламмен түрту

Суреттеу құралдары: реңкін ерекшелігі, түс

Қажетті заттар: қатты қылқалам, гуашь, кез келген түсті және пішінді қағаз, немесе жалбыраған немесе тікенді жануардың нұсқасы

Бейненің жасалу тәсілі: бала гуашқа қылқаламды малып, қағазға оны тігінен соғады. Жұмыс барысында қылқаламды суға малмайды. Осылайша түгел қағаз, пішін немесе сұлба толтырылады. Жалбыраған немесе тікенді бет тәрізді шығады.

Саусақтармен сурет салу

Суреттеу құралдары: дақ, нүкте, қысқа сызық, түс

Қажетті заттар: ыдыстағы гуашь, кез келген түсті қатты қағаз, кішірек қағаз беттері, сүрткіш.

Бейненің жасалу тәсілі: бала саусағын гуашқа малып, қағазға дақтар мен нүктелерді салады. Әр саусаққа түрлі түсті бояу жағылады. Жұмыс жасап болған соң саусақтарды сүрткіштермен сүртеді. Қолы оңай жуылады.

Алақанмен сурет салу

Суреттеу құралдары: дақ, түс, қиял пішін.

Қажетті заттар: гуашь құйылған кең табақшалар, түрлі түсті қатты қағаз, үлкен қағаздар, сүрткіштер.

Бейненің жасалу тәсілі: бала гуашқа алақанын малады (толық алақанын) немесе қылқалам арқылы алақанын бояйды (5 жастан бастап), содан соң қағазға алақанын бастырады. Түрлі түске боялған оң және сол қолымен салады. Жұмыстан соң сүрткіштермен алақанын сүртеді, сосын алақандары оңай жуылады.

Қағазды домалату

Суреттеу құралдары: фактура, көлем.

Қажетті заттар: қағаз майлықтар немесе екі жақты түсті қағаз, табақшаға құйылған ПВА желімі, қатты қағаз немесе түрлі түсті картон.

Бейненің жасалу тәсілі: бала қағазды қолымен жұмсақ болғанша умаждайды. Одан дөңгелек жасайды. Мөлшері кішкентай (жидек) немесе үлкен (бұлт, аққаланың денесі) болуы мүмкін. Содан соң қағаздан жасалған дөңгелек желімге малынып қатты қағазға жапсырылады.

Поролонмен баспа-таңба

Суреттеу құралдары: дақ, фактура, түс.

Қажетті заттар: гуашь сіңген жастықша тәрізді поролон салынған ыдыс немесе пластикалық қорапша, түрлі түсті қатты қағаз, поролонның үзімдері.

Бейненің жасалу тәсілі: бала поролонды жастықшаға қатты басып қағазға таңбасын түсіреді. Түсті өзгерту үшін басқа ыдыс пен поролон жастықшасы алынады.

Умаждалған қағазбен баспа-таңба жасау.

Суреттеу құралдары : дақ, фактура, түс.

Қажетті заттар: гуашь сіңген жастықша тәрізді жұқа поролон салынған табақша немесе пластикалық қорапша, түрлі түсті қатты қағаз, умаждалған қағаз.

Бейненің жасалу тәсілі: бала умаждалған қағазды боялған жастықшаға қатты басып, қағазға таңба жасайды. Басқа түсті алу үшін табақша да, қағаз да ауыстырылады.

Балауыз борлар+акварель

Суреттеу құралдары : түс, сызық, дақ, фактура.

Қажетті заттар: балауыз борлар, қатты ақ қағаз, акварель, қылқаламдар.

Бейненің жасалу тәсілі: бала ақ қағазға балауыз борлармен сурет салады. Содан соң акварель бояуымен бір немесе бірнеше түспен суретті бояйды. Балауыз бордың ізі боялмайды.

Шырақ+ акварель

Суреттеу құралдары : түс, сызық, дақ, фактура

Қажетті заттар: шырақ, қатты қағаз, акварель, қылқаламдар.

Бейненің жасалу тәсілі: бала шырақпен қағазға сурет салады. Содан соң қағаздың бетін бір немесе бірнеше түспен бояйды. Шырақпен салынған сурет боялмай ақ түсті болып қалады.

Затты монотипия

Суреттеу құралдары: дақ, түс, симметрия.

Қажетті заттар: қатты қағаз, қылқалам, гуашь немесе акварель.

Бейненің жасалу тәсілі: бала қағазды екіге бүктеп, бір бөлігіне суреттің жартысын салады (симметриялық суреттер таңдалады). Сурет салынып болғасын бояуы кешпей тұрып қағазға таңбалану мақсатында оны екіге бүктейді. Содан соң суретті безендіруге болады. Безендірген соң қағаз бүктеледі.

Бүрку

Суреттеу құралдары: нүкте, фактура.

Қажетті заттар: қағаз, гуашь, қатты қылқалам, қатты қағаздың немесе пластиктің қиығы. (5x5)

Бейненің жасалу тәсілі: бала қылқаламды бояуға малып қағаздың үстінде ұстап тұрған қатты қағазға қылқаламды соғады. Содан соң акварельмен қағазды бір немесе бірнеше түске бояйды. Бояу қағазға шапырайды.

Жапырақты таңбалау

Суреттеу құралдары: фактура, түс.

Қажетті заттар: қағаз, гуашь, түрлі ағаштардың

жапырақтары, (түсіп қалған), қылқалам.

Бейненің жасалу тәсілі: бала ағаштың жапырақтарын түрлі түстерге бояйды, сосын боялған жағымен қағазға таңбалайды. Келесіде басқа жапырақ алынады. Жапырақтың түбін бейнелеп аяқтауға болады.

Түрлі техникаларды пайдалана отырып, балалардың мүмкіндіктерін анықтаудағы бірнеше сабақ топтамасын өткізу барысында балалардың бояуларды қолдануда дәстүрлі емес техникаларды игеруге икемдері бар екені байқалады. Бейнелеу-шығармашылық мүмкіндіктері нашар балалардың көрсеткіштері жылдың басындағы деңгейлерінен жоғарлағаны байқалады, дәстүрлі емес техниканы қолдану арқасында тақырыпқа деген қызығушылықтары артып, түстерді қабылдау мүмкіндіктері жақсарды.

Тәжірибелік кезең.

Балалардың барлығы сурет салғанды ұнатады. Олар үшін шығармашылық-жан-сезім әрекетінің бейнесі. Сезім, ақыл-ой, көздері мен қолдары-жанының құралдары. Әлемнің сұлулығы мен үндестігімен кездесіп, масаттану мен қуанышқа бөлену сезімін бастан кешіп, олар өзінің көзқарасын қағазға таңбалап «ғажап мезетті тоқтату» ықыласына бөленеді.

Шығармашылық зорлық пен қысым бар жерде күн көре алмайды. Ол еркін, жарқын және қайталанбас болу керек. Қарындаштарымен, фломастерлерімен, бояуларымен қоштаспай бала өзі байқамай-ақ бақылауға, салыстыруға, ойлауға, қиялдауға үйренеді.

Балаға қарындаштардың, фломастерлердің, қаламның және қылқаламның қағаздағы қалдыратын іздері үйреншікті және танымал, ал мөр мен сұлбаны салудағы саусақтары мен алақанының қолдануы қызықтырады. Бейнелеу әрекетін ұйымдастырудағы дәстүрлі емес тәсілдер балаларды қызықтырады және масаттандырады, қызықты іспен айналысуға жетелейді. Түпнұсқалық сурет салу баланың шығармашылық мүмкіндігін ашады, бояуды, оның мінезі мен көңіл-күйін сезінуге ынталандырады. Кішкентай суретшінің үсті-басы былығып қалуы қорқынышты емес, негізгісі – ол бояулармен тілдесуден ләззаттанып, өзінің еңбегінің жетістіктеріне қуануы.

«Қылқаламның орнына қол»

Қажетті материалдар мен құралдар:

Реңкті немесе ақ қағаз, гуашь бояулары, қылқаламдар, қолды сүртуге арналған мата..

Жұмыс тәртібі:

Егер алақанды бояп қағазға таңбасын түсірсе, ол

қағазда алуан түрлі қызықты бейнелерді көруге болады. Біздің алақандарымыз күннің көзіне айналады. Алақандарыңды ашып, саусақтарыңды жан-жаққа жылжытыңдар. Енді саусақтарыңды жақындатыңдар. Міне, қандай дуал болып шықты! Ал егер бас бармақты әрірек итерсек, ал қалғандарының арасын ашып қойсақ сүйкімді кірпі болып шығады. Тек қана үстіне жетіспейтін саңырауқұлақты салуға қалады және де аяқтарын, көздері мен тұмсығы туралы ұмытпаған жөн. Көбелек те ұшып жүр, гүл де өзінің күлтелерімен қуантып тұр, піл де, балық та және бөбегіңізбен бірге көп нәрсені қиялдауға болады.

«Жапырақтармен қағазда таңбалаймыз»

Қажетті материалдар мен құралдар:

Гуашь, акварель, қылқалам, қарындаш, қағаз, түрлі түсті тушь немесе сия, поролон үзігі, сонымен қатар түрлі ағаштардың, гүлдердің жапырақтары.

Жұмыс тәртібі:

Түрлі ағаштардың жапырақтарын жинап, әр жапырақты тарамы жағынан гуашпен бояймыз. Таңба жасайтын қағаз түрлі түсті болуы мүмкін. Боялған жағымен жапырақты қағазға басамыз. Ақырын жапырақтың шетінен ұстап, аламыз. Тағы да жапырақты бояп қағазға таңбалаймыз. Егер жапырақты айналдырып таңбалау арқылы гүл жасап шығаруға болады, сабағын бейнелеуге болады. Қағаздың екі жағына симметриялап таңбалап, денесін бейнелесе көбелек жасап шығаруға болады. Жапырақтың таңбасына мұқият қарап, күтпеген бейне жасауға болады. Ал осы тәсілдің «ылғалды» техникасымен үйлестіру әдісі реңктеуде қиялды кеңістіреді. Мысалы, жазықты бейнелегенде шөп фонның рөлін атқарады. Қағазды алып, оны поролонның көмегімен сулаймыз, содан соң қажетті бояуды құйып жапырақтарды таңбалаймыз.

Бұл орындалу техникасы әдіс-тәсілдерінің сан түрлілігімен жақсы. Егер жапырақты фонға қарағанда қою түспен бояса, таңбасы әлдеқайда қанық болады. Таза жапырақты басқан кезде, кескіні жұмсақ, бірқалыпты болады.

Кляксография бейнелеу техникасы

Сурет салу тәсілі: Құрғақ немесе түстелген қағаздың төменгі жағына күрең түсті (қара, қоңыр, жасыл) бояуды тамызу. Түтікшеден тамшыға алдына қарай итегендей үрлеу. Үсақ тармақшалар пайда болу үшін, үрлеген кезде түтікшені жан-жаққа шайқауға болады. Кей жетіспейтін элементтерін бейнелеп немесе табиғи заттарды жапсырып безендіруге болады.

Осы тәсіл арқылы жасалған балалардың жұмыстарынан көрме.

Тәсілдің қиындығы: Әдісті кезең-кезеңмен, жеке немесе топтың жартысымен өткізу. Өзі сенімсіз балаларға көмек көрсету. Жұмыс уақытында балалардың қауіпсіздігіне аса назар аудару. Балалардың көпшілігіне бұл жұмыс ауыр болғандықтан, қозғалмалы үзілістер жасау керек.

Әдісті қолданардағы тақырыптар үлгісі: «Алаңқайдағы шөп», «Күзгі көрініс», «Күннің батуы», «Мұхиттың түбінде», «Аквариум», «Жіппен ойнаған марғау» т.б.

Трафарет бойынша сурет салу әдісі

Сурет салу тәсілі: Трафарет жасау: қағазды ортасынан бүктеп, шетінен 1 см кесіп алып, бүктелген жерге құмыраның жарты суретін және ішіндегі гүл шоғын салу. Барлығын дұрыстап қиып аламыз. Таза қағазға трафаретті қоямыз. Бояуға сорғышты малып, қағазға бастырып «қадалғыш» қимыл жасаймыз. Сорғышты басқа түсті бояуға малып, таңбалауды жалғастырамыз. Керекті түстерді пайдаланып, бояуды суреттің түгел жеріне саламыз. Қалауынша суреттің бөлшектерін қылқаламмен немесе фломастермен басып шығуға болады.

Балауыз борлармен, шырақпен сурет салу әдісі.

Көрінбейтін суретті ақ түсті балауыз борымен немесе шырақпен жасауға болады.

Тәсілдің қиындығы: Кішкентай баланың көрінбейтін суретті табуға қызығушылығын ояту қажет. Алғашқы кезеңде баланың қызығушылығы сөнбейтіндей қызықтыра білу керек. Өзіне өзі сенбейтін балаларға көмек қажет болады.

Осы тәсіл арқылы жасалған балалардың жұмыстарынан көрме.

Әдісті қолданардағы тақырыптар үлгісі: «Бұл кім?», «Сикыршылар»

Әдістердің түрлілігі балалар жұмыстарындағы кейіп бейнелілігіне ықпалын тигізеді. Балаларға бейнелеу әдістерін меңгеру жас ерекшеліктеріне сай құрастырылған жағдайда шынайы қуаныш сыйлайтыны менің тәжірибемде байқалды. Олар ерекше көңілмен ауада ұшып жүрген күзгі жапырақтарды, жерге дыбыссыз түскен қарды дақ, жағу, штрих арқылы қайта-қайта бейнелейді. Балалар батылдықпен бейнелеу құралдарын таңдайды, өз таңдауының сан түрлілігі мен салдары қорқыныш тудырмайды. Орындалудың әдіс-тәсілі оларды рақаттандырады. Балалар қимылдарды қайта-қайта орындағылары келеді. Неғұрлым қимылдары жақсы орындалса, соғұрлым өз жетістігіне қуанып, үлкендердің назарын аударып, жұмысын сүйсіне орындайды.

**АТАМКУЛОВА Бахытгуль Исаевна,
Илияс Жансүгіров атындағы орта мектебінің
әлеуметтік педагогы.
Қордай ауданы.**

ҚИЫН ОҚУШЫМЕН ЖҰМЫСТЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕР

Аннотация.

Бұл мақалада мектептегі «қиын оқушы» мәселесі, оның пайда болу себептері және педагогтің тиімді жұмыс тәсілдері талданады. Автор өз тәжірибесіне сүйене отырып, проблемалық мінез-құлықты түзетуге, оқушының мектепке қызығушылығын арттыруға және оның әлеуметтенуін жақсартуға бағытталған нақты әдістерді ұсынады.

Кіріспе

Қоғамдағы өзгерістер мектепке де әсер ететіні белгілі. Соның ішінде соңғы жылдары мінез-құлқында ауытқушылығы бар, оқу-тәрбие процесіне бейімделуі қиын оқушылар саны артып келеді. Педагогикалық әдебиеттерде мұндай балалар «қиын», «тәуекел тобындағы» немесе «девиантты мінезді» оқушылар деп аталады. Оқушылардың бұл санатымен жұмыс істеу – мұғалімнің кәсіби шеберлігін, психологиялық дайындығын, шыдамдылығы мен жаңашылдығын талап ететін күрделі үрдіс.

Қиын оқушының қалыптасу себептері

Ғалымдар (А.Құнанбаев, Л.С. Выготский, А.С. Макаренко, Ш.Т. Таубаева және т.б.) қиын оқушы мінезіндегі ауытқушылықтың бірнеше себебін көрсетеді:

1. Отбасындағы әлеуметтік-психологиялық қолайсыздық (конфликт, бақылаудың тым әлсіз не тым қатал болуы).
 2. Құрбы-құрдастар ықпалы, бейресми топтарға еліктеу.
 3. Қызығушылықтың төмендігі, оқу мотивациясының әлсіреуі.
 4. Өзін-өзі бағалаудың бұзылуы, ішкі қақтығыстар.
 5. Эмоционалдық күйзеліс, стресстік жағдайлар.
- Осы факторларды білу педагогқа мінез-құлықтағы проблеманың түп-тамырын анықтап, тиімді стратегия таңдауға көмектеседі.

Тиімді жұмыс әдістері

1. Жеке психологиялық-педагогикалық карта жасау

Әр қиын оқушыға жеке мінездеме, даму деңгейі, қызығушылықтары, эмоционалдық жағдайы және отбасы туралы ақпаратты қамтитын карта жасалады. Бұл мұғалімге жұмыс бағытын нақтылауға мүмкіндік береді.

2. Ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынас

Қиын оқушы – бірінші кезекте сенімге мұқтаж бала.

Тиімді тәсілдер:

- жылы қарым-қатынас орнату;
- оқушыны жиі мақтап, қолдау;
- оның тіпті шағын жетістіктерін де назардан тыс қалдырмау.

3. Мотивацияны арттыру технологиялары

- жобалық жұмыстар, шығармашылық тапсырмалар;
- оқушының қызығушылығына сәйкес жеке тапсырмалар;
- жетістікке жетуге бағытталған бағалау жүйесі.

4. Қақтығысты басқару және алдын алу

Педагог эмпатия танытып, жағдайды түсіндіру арқылы эмоционалдық шиеленісті азайтады. «Мен-хабарламасын» қолдану тиімді: «Мен сенің бұл әрекетіңнен ренжідім, себебі...»

5. Ата-анамен жүйелі байланыс

Ата-анамен тек проблеманы айтатын кездесу емес, ынтымақтастық қажет. Бірлескен жоспар, үй жағдайында орындау тәсілдері, кеңестер беріледі.

6. Топтық және әлеуметтік бейімдеу жұмыстары

- тренингтер, рөлдік ойындар;
- мектеп кеңесінде белсенділігін арттыру;
- қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатыстыру.

7. Психологиялық қызметпен бірлескен жұмыс

Мектеп психологымен диагностикалау, түзету

сабақтары, кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру нәтижені тездетеді.

Тәжірибе нәтижелері

Автор жүргізген жұмыс барысында қиын оқушыларға арналған жеке бағдарлама қолданылды. 3 айлық түзету жұмысының нәтижесінде:

- сабаққа қатысу тұрақты өсім көрсетті;
- оқушының өзін-өзі бағалауы жақсарды;
- сыныппен қарым-қатынасы нығайды;
- тәртіп бұзушылық фактілері 2 есеге азайды.

Бұл көрсеткіштер жүйелі, бірізді, кешенді жұмыстың нәтижесі екенін дәлелдейді.

Қорытынды

Қиын оқушымен жұмыс – күрделі, бірақ нәтижелі болуы мүмкін үдеріс. Мұғалімнің кәсіби сабырлылығы, педагогикалық шеберлігі және гуманистік көзқарасы әрбір баланың бойындағы мүмкіндікті ашуға жол ашады. Ең бастысы – әр оқушының өзгеруге қабілетті екенін ұмытпау.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер.
2. Макаренко А.С. Педагогикалық поэма. — Алматы: Мектеп, 2010.
3. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. — М.: Педагогика, 2014.
4. Таубаева Ш.Т. Педагогикалық инновациялар. — Алматы: Қазақ университеті, 2016.
5. Жұмабаев М. Педагогика. — Алматы: Рауан, 2013.
6. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. — Алматы, 2020.
7. ҚР БҒМ. Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына арналған тәрбие тұжырымдамасы, 2023.
8. Асқарбаева А. Түзету педагогикасы. — Алматы: Арда, 2019.

КАРБЕТОВА Замира Скаковна,
Оқушылар сарайының
қосымша білім беру педагогі,
педагог-зерттеуші.
Тараз қаласы.

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМ

«Камертон» эстрадалық вокал студиясының тәрбиеленушілерінің орындауында «Менің Отаным» әні

Ойынның мақсаты:

- жас ұрпақты Отанды сүйуге, адамгершілікке, еліне, халқына адал қызмет етуге, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру;
- қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке деген ұмтылысы, қазақ тарихындағы ұлы тұлғалар, мәдениет төңірегіндегі білімдерін жетілдіру;
- оқушылардың білімдерін сайысқа түсіріп, логикалық ойлау қабілеттерін шыңдау, дарынды, озық болуға тәрбиелеу.

Жүргізуші: Армысыздар құрметті бүгінгі қонақтар, ойынға қатысушылар және жанкүйер қауым! ҚР Тәуелсіздігі күніне арнайы ұйымдастырылып отырған «Тарих тағылым» атты интеллектуалды – танымдық ойынымызға қош келдіңіздер!

Тәуелсіз Қазақстан елінің тарихы – Отаншылдықтың, ерліктің, елдіктің не екенін дәлелдейтін, тамыры терең бай тарих. Елім, Жерім, Отаным деген қасиетті ұғымдар әр адамзаттың өз табалдырығынан, өз отбасынан, өз қаласынан, өз өлкесінен, өз мектебінен басталады. Егемен еліміздің ертеңін нұрлы етер «барыс» текті намысты ұрпақ бойында ұлттық сана көрініс тап-

са, ақыл ойы мен жүрегінде туған жері мен еліне деген сүйіспеншілік орын тепсе, бұл Тәуелсіз Қазақстанның қалыпты дамуы, әлемдегі ең беделді мемлекеттер қатарына ұмтылу жолындағы нәтижелі көрінісі болып саналатыны анық.

Міне, бүгінгі біздің интеллектуалды «Тарих тағылым» атты интеллектуалды – танымдық ойыны осыған дәлел.

Ойын жалпы төрт кезеңнен тұрады. Шарттарымен таныстырып өтуге рұқсат етіңіздер.

Жүргізуші:

I Кезең: Топтық таныстыру

Байқауға қатысушы топтың өз атауына сәйкес ұраны мен эмблемасы болуы қажет. Таныстыру барысында топ ұраны мен эмблемасын қорғап шығуы тиіс. Регламент – 3 мин. Бейнематериал қолдануға болады.

II Кезең: «Батыр даламның батыр бабалары»

Қатысушы топтарға экранда Тәуелсіздік жолында құрбан болған тарихи тұлғалар туралы слайд көрсетіледі, соларды тауып қысқаша мағлұмат беруі тиіс Тәуелсіздік тақырыбына қатысты сұрақтар көрсетіледі. Топ мүшелері сол сурет бойынша және сұрақтарға жауап берулері қажет.

III Кезең: «Санаға сапар» тур-блиц

Топ басшыларына 1 минут ішінде әр түрлі ғылым салаларынан, яғни тарих, әдебиет, саясат және заң саласынан сауалнамалық сұрақтар қойылады, өз білімдерін жоғары деңгейде көрсете отырып, сұрақтарға жылдам, әрі дұрыс жауап беруі керек.

IV Кезең: «Тараз қаласы – сәулет өнерінің інжу-маржаны» үй тапсырмасы

Қатысушы әрбір топ өздері алдын ала дайындап келген бейнематериалдарын көрсетіп, қорғап шығуы қажет, регламент 3 мин.

Жүргізуші:

Үміткерлердің өнерін бағалау критерийлерімен таныс болыңыздар:

- үміткерлердің белгілі дәрежеде ұлттық таным деңгейі, шығармашылық ойлауы және шешендік қабілеті;
- топ басшысының тапқыр жауап беруі, шапшаң шешім қабылдай алуы;
- пікірлерінің нақтылығы;
- топтық жұмыс жасай білу қабілеті.

Жүргізуші:

Шын жүйрік шабысынан танылады, Қатты білім, терең ой саналады.

Баға берер әділқазы ортамызда

Сізге құрметпен қол соғылады.

Ал енді, ойынымызға төрелік ететін қазылар алқасымен таныстырып өтуге рұқсат етіңіздер

Қазылар алқасы таныстырылады

Жүргізуші: Міне, құрметті ойынға қатысушылар, жанкүйерлер, қонақтар ойынның барлық ережелерімен таныстық, ал енді іске сәт.

Атыңнан айналайын, егемен ел,

Тәуелсіз күнің туды кенеле бер.

Мерейің құтты болсын, Тәуелсіздік!

Ғасырдың тойы болшы келе берер! – дей отырып ойынымыздың I кезеңін бастаймыз «Топтық таныстыру».

Бұл кезең бойынша қатысушы топтың өз атауына сәйкес ұраны мен эмблемасы болуы қажет. Таныстыру барысында топ ұраны мен эмблемасын қорғап шығуы тиіс. Бейнематериал қолдануға болады. Регламент – 3 мин.

(Қатысушы топтардың таныстыруы)

Жүргізуші: Рахмет, құрметті сайыскерлер!

Осымен бірінші кезең аяқталды. Әділқазы алқасы әр топқа дұрыс жауаптарына сәйкес ұпай санын қойып та қойды. Ал біз ойынымыздың II кезеңіне көшейік.

Жүргізуші: II кезең «Батыр даламның батыр бабалары»

Сахнаға бірінші болып № мектебінің «» тобын шақырамыз.

Қатысушы топтарға экранда сандар көрсетіледі, сіздер бір санды таңдауларыңыз керек. Сол санның артында Тәуелсіздік жолында құрбан болған жандар туралы немесе Тәуелсіздік тақырыбына қатысты сұрақтар көрсетіледі. Топ мүшелері сол сурет бойынша және сұрақтарға жауап берулері қажет. Ойлануға 1 мин беріледі, бірақ жауаптарыңыз дайын болса бірден жауап беруге де болады. Олай болса іске сәт.

(Қатысушы топтар тапсырмаларды орындайды).

Жүргізуші: Ойынымызды ары қарай жалғастырамыз. «Түрлі-түрлі сұрақтар... ой түртеді» - демекші келесі III кезең: «Санаға сапар» тур-блиц. Яғни бұл кезеңге тек топ басшылары қатыса алады. Қатысушыларға әр түрлі ғылым салаларынан, яғни тарих, әдебиет, саясат және заң саласынан 1 минут ішінде 7 сауалнамалық сұрақтар қойылады. Бұл кезеңге тек топ басшылары қатыса алады. Олай болса сахнаға барлық топ басшыларын шақырамыз.

Жүргізуші: - Рахмет, құрметті сайыскерлер, құрметті көрермендер, мінекей, III - кезеңіміз

аяқталды. Ойларыңыз оянып, ой - өріс көкжиектеріңіз кеңейіп қалды, сұрақтар әр саладан болғандықтан бірнеше тараптар қамтылды.

Бүгінгі ойнымыздың соңғы IV кезеңіне кезек берсек «Тараз қаласы – сәулет өнерінің інжу-маржаны» үй тапсырмасы. Қатысушы топтар алдын ала бейнематериал дайындап келулері керек болатын. Берілетін

3 минут уақыт ішінде әр топ өз жұмыстарын қорғап шығуы қажет.

Жүргізуші: Құрметті ойыншылар, менің ойымша, мектеп бағдарламасын жақсы меңгерген сияқты. Енді бүгінгі ойынның қорытындысын шығару үшін қазылар алқасына кеңесу үшін кеңес бөлмесіне шығарып салайық.

Жүргізуші: Тәуелсіздік таңы сендер, білемін, Болашаққа бар білімін берерін.

Барыс текті жастар, сендер, білемін, Жалындатып биік шыңда жүрерін,- дей отырып, бүгінгі додадан кім озып шыққанын білу үшін сөз кезегін қазылар алқасына ұсынамыз.

Марапаттау

Жүргізуші: Осымен бүгінгі іс-шарамызды аяқтауға рұқсат етіңіздер, қашанда ойымыздың көкжиегі биік болсын, жүрісіміз нық, еңсеміз биік, Тәуелсіздігіміз қуатты, жастарымыз намысты, ұлдарымыз қайратты, қыздарымыз сымбатты болсын!

Жүргізуші: Еліміздің еңсесі биік, туымыздың тұғыры берік, тәуелсіздігіміз мәңгі болғай. Атамекеніміз – Қазақстан жасасын! Жеңістеріңіз шыңдай берсін. Келесі кездескенше күн нұрлы болсын!



ЖОЛДАС Ертай,
№66 орта мектебінің
дене шынықтыру мұғалімі.
Тараз қаласы.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН АСЫҚ АТУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Асық ату арқылы дене шынықтыру сабағын қызықты әрі тиімді өткізу — білім беру мазмұнын жаңартуға, оқушылардың ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыруға және физикалық даму деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Мақсаты:

1. Асық ату ойыны арқылы оқушылардың дене дайындығын жетілдіру, қозғалыс белсенділігін арттыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру.

2. Оқушыларға ұлттық ойындарды үйрету арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту

Міндеттері:

1. Оқушылардың асық ату ойынына деген

қызығушылығын арттыру. – Мергендік, дәлдік, көз мөлшерін жетілдіру

– Сабырлыққа, әділдікке, ептілікке тәрбиелеу

– Командалық ойын дағдыларын қалыптастыру

– Ұлттық салт-дәстүрлерге құрмет сезімін арттыру

2. Денсаулықты нығайту, шыдамдылық пен күш-қуатты арттыру.

3. Дене шынықтыру сабағында ойын элементтері арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру.

Асық ату ойыны арқылы оқушылардың төзімділігі, ептілігі, күш-қуаты дамып қана қоймай,

ұжымда жұмыс істеу, тәртіп сақтау, мақсатқа ұмтылу сияқты тұлғалық қасиеттері қалыптасады. Бағдарлама оқытудың жаңартылған мазмұнына сәйкес жасалып, құндылықтарға негізделген. Бұл жұмыс дене шынықтыру мұғалімдеріне, тәрбиешілер мен жаттықтырушыларға әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

Ерекшелігі:


1. Ұлттық ойын ретінде қазақ халқының мәдени мұрасы
2. Арнайы құрал-жабдық қажет емес — қарапайым асықтармен ойналады
3. Дәлдік, ептілік, шапшаңдықты дамытады
4. Жеке де, топпен де ойнауға болады
5. Ойынның ережелері қарапайым әрі қызықты

6. Қозғалыс белсенділігі жоғары, дене шынықтыру сабағына ыңғайлы

7. Жас ерекшелігіне қарай бейімделеді (балалар мен ересектерге ортақ)

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылар асық ату ережелерін меңгереді
2. Дәлдік пен ептілік қабілеттері дамиды
3. Қимыл-қозғалыс белсенділігі артады
4. Ұлттық ойынға деген қызығушылығы оянады
5. Топпен жұмыс істеу, әділдік, тәртіп сақтау дағдылары қалыптасады
6. Оқушылар салауатты өмір салтының маңызын түсіне.



БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ Ардақ,
Жаңатас көпсалалы колледжінің
биология пәнінің мұғалімі.
Сарысу ауданы.

ЖАСУШАНЫҢ ТІРШІЛІК ӘРЕКЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРГАНИЗМ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ

Биология ғылымының негізгі зерттеу нысаны – тірі ағза және оның құрылымдық ерекшеліктері. Тіршіліктің ең кішкентай бірлігі болып саналатын жасуша — барлық организмдердің құрылымдық, қызметтік және тұқымқуалаушылық негізі. Жасушаның құрылысы мен қызметін терең түсіну — биология ғылымының маңызды бағыттарының бірі.

Жасушаның құрылысы

Жасуша мембрана, цитоплазма және ядродан тұрады.

- Жасуша мембранасы зат алмасуды реттеп, жасушаның ішкі ортасын тұрақты күйде ұстайды.
- Цитоплазма — тіршілік процестерінің

көпшілігі жүретін сұйық орта.

- Ядро генетикалық ақпаратты сақтап, жасушаның көбеюін қамтамасыз етеді.

Прокариот және эукариот жасушаларының айырмашылығы — олардың генетикалық және құрылымдық ерекшеліктерінде. Эукариоттарда толық қалыптасқан ядро мен органоидтар бар, ал прокариоттарда ядро мембранамен қоршалмайды.

Жасушаның негізгі қызметтері

Жасушада тіршілікке қажетті бірнеше маңызды процесс жүреді:

1. Зат алмасу – энергия түзілу және оны пайдалану.

2. Тыныс алу – органикалық заттарды ыдыратып, энергия алу.

3. Көбею – жасушаны жаңарту және ағзаның өсуіне ықпал ету.

4. Тітіркенгіштік – сыртқы орта әсерлеріне жауап беру.

5. Өсу – жаңа құрылымдардың түзілуі.

Тіршілік әрекетінің бұл түрлері ағзаның толыққанды дамуы мен тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Жасуша бөлінуі және тұқымқуалау

Жасушаның көбеюі митоз және мейоз арқылы жүзеге асады.

- Митоз — соматикалық жасушалардың бөлінуі, ағзаның өсуіне және тіндердің қалпына келуіне жауапты.

- Мейоз — жыныс жасушаларын түзу процесі. Ол тұқымқуалаушылықтың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, генетикалық әртүрлілікті арттырады.

Жасушаның организм дамуындағы рөлі

Көпжасушалы ағзаларда жасушалардың мамандануы жүреді. Әрбір жасуша белгілі бір қызметті атқарып, тіндер мен мүшелердің құрылымын қалыптастырады. Мысалы, жүйке жасушалары ақпаратты тасымалдайды, бұлшықет жасушалары қозғалысты қамтамасыз етеді, эпителий жасушалары ағзаны қорғайды.

Жасушалық деңгейдегі өзгерістер көптеген биологиялық құбылыстардың себебін түсіндіруге мүмкіндік береді. Ағзадағы аурулар, мутациялар, даму ақаулары немесе қартаю — барлығы жасуша деңгейіндегі өзгерістерден бастау алады.

Жасуша — тіршіліктің негізгі бірлігі, барлық биологиялық процестердің бастау көзі. Оның құрылысын, қызметін және дамуын зерттеу заманауи биологияның міндеті болып табылады. Жасушалық деңгейдегі білім медицина, генетика, биотехнология салаларында жаңа ғылыми жетістіктерге жол ашады.



БАЙТАНОВА Айнур Сериковна,
Жаңатас көпсалалы колледжінің
комплаенс офицері.
Сарысу ауданы.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ КОМПАЕНС ОФИЦЕРДІҢ РӨЛІ

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесінде адалдық пен ашықтық қағидаттарын нығайту, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – басты міндеттердің бірі. Осы бағытта ерекше маңызға ие тұлға – комплаенс офицері.

Комплаенс офицері – бұл оқу орнындағы заң талаптарының, ішкі тәртіп пен әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз ететін маман. Оның негізгі мақсаты – адалдық мәдениетін қалыптастыру, құқық бұзушылықтың алдын алу және сенімге негізделген орта құру.

Білім беру саласында комплаенс офицердің

атқаратын негізгі міндеттері:

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтап, олардың алдын алу шараларын ұйымдастыру;
- студенттер мен педагогтар арасында адалдық, парасаттылық, әділдік құндылықтарын насихаттау;
- оқу орнының ішкі процестерін ашық әрі әділ жүргізілуін қамтамасыз ету;
- құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында түсіндіру кездесулері, дөңгелек үстелдер, адалдық сағаттарын өткізу;
- ұжым мен студенттердің өтініштері мен ұсыныстарын әділ қарау, шешім қабылдауда

ашықтықты сақтау.

Білім беру ұйымында комплаенс офицердің жұмысы тек бақылау қызметі ғана емес, ол – тәрбиелік, мәдени және құқықтық бағыттағы маңызды қызмет. Комплаенс жүйесі арқылы оқу орнында сенім мен әділдікке негізделген атмосфера

қалыптасады.

Бүгінгі таңда адалдық пен әділдікті насихаттау – қоғамның тұрақты дамуының кепілі. Сондықтан білім берудегі комплаенс офицер – жас ұрпақты тазалыққа, жауапкершілікке және адал еңбекке баулитын тұлға.

**БАХАДИРОВА Жадира Кунанбаевна,
Жаңатас көпсалалы колледжінің
өндірістік оқыту шебері.
Сарысу ауданы.**

ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ ШЕБЕРІ: КӘСІБИ БІЛІКТІ МАМАН ДАЙЫНДАУДАҒЫ НЕГІЗГІ ТҰЛҒА

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде өндірістік оқыту шеберінің орны ерекше. Ол – білім алушылардың болашақ мамандығын меңгеру жолындағы жетекші тұлға, еңбек процесінің алғашқы тәрбиешісі, кәсіби құзыретке бағыт беруші. Шебердің жұмысы тек практикалық сабақ өткізумен шектелмейді. Ол – студентті мамандыққа баулитын, кәсіби ортаға дайындайтын және оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін педагог.

Шебердің негізгі қызметі

Өндірістік оқыту шебері студенттердің теориялық білімін практикамен ұштастырып, кәсіптік дағдыларын жүйелі түрде дамытады. Оның міндеттеріне мыналар жатады:

- өндірістік тапсырмаларды оқыту мақсаттарына сай жоспарлау;
- заманауи технологиялар мен құрал-жабдықтарды дұрыс қолдануды үйрету;
- қауіпсіздік техникасын сақтауды меңгерту;
- нақты өндірістік жағдайға бейімделген жұмыстарды орындату;
- студенттердің кәсіби мәдениетін, жауапкершілігін қалыптастыру.

Шебер әрбір білім алушының қабілетін анықтап, кәсіби деңгейіне қарай бағыт береді. Студенттердің тапсырмаларды орындау барысын бақылап, кәсіби қателерін түзетіп, үздіксіз кері байланыс жасап отырады.

Кәсіби құзыреті мен жеке қасиеттері

Өндірістік оқыту шеберінің кәсіби шеберлігі оның педагогикалық мәдениетімен, технологияларды меңгеруімен және жұмысқа деген жауапкершілігімен өлшенеді. Ол:

- өз саласы бойынша терең кәсіби білімге ие;
- жұмыс орындарын ұйымдастырудың заманауи талаптарын біледі;
- өндірістегі жаңа технологиялармен таныс;
- білім алушылармен тиімді қарым-қатынас орната алады;
- тәртіпке, ұқыптылыққа және еңбек мәдениетіне үлгі болады.

Шебер — әрі педагог, әрі тәжірибелі маман. Ол тек кәсіби білім үйретіп қана қоймай, жас маманның мінез-құлқы, еңбекке көзқарасы мен жеке мәдениетінің қалыптасуына да ықпал етеді.

Қазіргі өндіріс үнемі жаңарып отырады. Осыған байланысты шебер өз білімін тұрақты түрде жетілдіріп, біліктілігін арттыру курстарына қатысып, өндірістегі озық тәжірибені үйренуі тиіс. Бұл – студенттерді заманауи талаптарға сай даярлаудың басты шарты.

Өндірістік оқыту шебері – техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жүрегі. Ол жас маманды еңбекке баулиды, кәсіби құзыреттерін қалыптастырады және оның болашақтағы маман ретінде қалыптасуына шешуші әсер етеді. Сондықтан шебердің еңбегі – жауапты, қадірлі және қоғам үшін аса маңызды.








ТУРГАНБАЕВ Куандык Картаевич,
Абай атындағы орта мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі.
Жаңатас қаласы.

1822-1824 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАТША РЕФОРМАЛАРЫ.

Зерттеу сұрағы: Неліктен ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру
Сабақтың мақсаты	1822-24 жж жарғылары нәтижесінде Қазақстанда болған әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіну

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру	Амандасу. Сыныпты түгендеу «Миға шабуыл» әдісі.	Оқушылар өз ойларын ортаға салады.	Мадақ тау	Презентация
Жаңа білім	<p>Жаңа тақырыпты түсіндіру. Мәтінмен жұмыс I. Деңгейлік тапсырмалар. А деңгейі</p>  <p>В деңгейі</p>  <p>С деңгейі</p> 	<p>Дескриптор: Берілген мәліметтерді сәйкес бағандарға орналастырып, кестені толтырады.</p> <p>Дескриптор: Төменде берілген тарихи оқиғалардың арасындағы себеп-салдар байланысын анықтап, дұрыс тізбекті құрыңыз және оны түсіндіреді</p> <p>Дескриптор: Осы тұжырымға қатысты "Келісемін" немесе "Келіспеймін" позициясын таңдап,</p>	<p>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады</p> <p>«Ең үздік жауап»</p>	<p>Кестелер</p> <p>Таратпа материалдар</p>

	<p>II тапсырма. Сұрақ бізден, жауап сізден</p> 	<p>тарихи деректерге сүйене отырып, үш дәлел келтіреді. Дескриптор: Оқушылар берілген тест сұрақтарына жауап береді.</p>		
<p>Бекіту</p>	<p>Сабақты қорытындылау</p>  <p>Бағалау</p>	<p>Сабақтың тақырыбын қорытындылау</p>	<p>«Ең үздік жауап»</p>	<p>Ақпараттық карточка</p>
<p>Кері байланыс</p>		<p>Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады</p>	<p>Оқушылар өз деңгейлерін бағалайды</p>	<p>A4, конспект</p>



БЕКМУРАТОВА Айман Бекмухановна,
учитель средней школы
имени Николая Гоголя.
город Тараз.

СОВРЕМЕННЫЕ ВИДЫ ТРАНСПОРТА. ПРАВОПИСАНИЕ НЕ С ПРИЛАГАТЕЛЬНЫМИ. ЧЕРЕДУЮЩИЕСЯ ГЛАСНЫЕ О — А В КОРНЕ СЛОВА

Цели обучения, которые достигаются на данном уроке (ссылка на учебную программу)	5.1.2.1 – определять тему и основную мысль, опираясь на вопросы; 5.3.4.1 – создавать тексты – повествование и описание в художественном и разговорном стилях (дневник, стихотворение, сказка) с учетом целевой аудитории; 5.4.1.1 – правильно писать гласные и согласные в корне слова, НЕ – с именами существительными, именами прилагательными.
Цель урока	– определять тему и основную мысль, опираясь на вопросы; – создавать тексты – повествование и описание в художественном и разговорном стилях (дневник, стихотворение, сказка) с учетом целевой аудитории; – правильно писать гласные и согласные в корне слова, НЕ – с именами существительными, именами прилагательными.

Ход урока

Этапы урока	Деятельность учителя	Деятельность обучающихся	Оценивание	Ресурсы
Орг. момент	<p>Орг. момент. Актуализация опорных знаний. Распределите номера предложений соответственно колонкам. 1. не- с существительными пишется слитно; 2. раздельно. 1. (Не)правды я не потерплю ни в ком. 2. К (не)счастью, то ж бывает у людей: как ни полезна вещь, цены не зная ей, (не)вежда про нее свой толк всё к худу клонит. 3. Ученье без уменья – (не)польза, а беда. 4. И, полно, куманек! Вот (не)видадь: мышей! Мы лавливали и ершей! 5. Когда в товарищах согласья нет, на лад их дело не пойдет, и выйдет из него (не)дело, только мука. 6. «Как расшумелся здесь! Какой (не)вежа!» - про дождик говорит на ниве камень лежа.</p> <p style="text-align: right;">(И.А. Крылов)</p>	<p>Настрой на урок</p> <p>Распределяют предложения</p>		<p>Рабочий лист</p>

	<p>- Какими качествами будет обладать средство передвижения будущего?</p> <p>- Способно ли оно изменить ситуацию на дорогах? Как, за счет чего?</p> <p>Озвучивание темы и целей урока.</p>			
Изучение новой темы	<p>К Текстовый этап Просмотр видеофрагмента «Транспорт будущего» Задания по тексту:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. О каких видах транспорта идет речь в видео? 2. Какими преимуществами обладает аэромобиль? 3. Какие недостатки можно отметить у аэромобиля? 4. Определите тему и основную мысль прослушанного текста. 5. Определите тип текста. Аргументируйте свою позицию. <p>Дескрипторы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Определяет вид транспорта. 2. Определяет достоинства и недостатки аэромобиля. 3. Определяет тему и основную мысль текста. 4. Определяет тип текста, приводит аргументы. <p>И Послетекстовый этап Творческое задание - Составьте описание транспорта будущего. Расскажите о вашем транспорте сокласникам. Какими качествами он будет обладать? Соблюдайте структуру текста – описание. При составлении текста соблюдайте грамматические нормы.</p>	<p>Прослушивают текст, выполняют задания по тексту</p> <p>Составляет текст- описание, соблюдая заданные параметры</p>	<p>ФО: проверка работ, самооценивание «Термометр»</p>	<p>(65) Летящая машина может поступить в продажу уже в 2016 году (новости) http://9</p>
	<p>Дескрипторы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Пишет текст – описание по заданной теме. 2. Описывает качества транспорта будущего. 3. Соблюдает структуру текста – описание. 4. Соблюдает грамматические нормы. <p>К Грамматическая тема урока Просмотр видеоурока по теме «Чередующиеся гласные в корне слова»</p> <p>И Закрепление</p>	<p>Просматривают видеоурок, формулируют алгоритм</p>	<p>ФО: представление работ, взаимооценивание с опорой на дескрипторы</p>	

	<p>- Расставьте ударение в словах. Выберите правильное написание А или О, обозначьте орфограммы графически.</p> <p>1. З...ря, з...ри, з...рево, оз...рить, з...рька, оз...ренье. 2. Скл...ниться, откл...нить, укл...ниться, накл...н, покл...нение, накл...нение, укл...н, скл...нение, прекл...няться.</p>	Выполняют упражнение	ФО: проверка по цепочке	
Подведение итогов урока	<p>Рефлексия. Прием «Верные – неверные утверждения»</p> <p>1. Транспорт нужен нам, чтобы передвигаться. <input type="checkbox"/></p> <p>2. Транспорт делится на воздушный, наземный, водный, подземный. <input type="checkbox"/></p> <p>3. Корабль является наземным транспортом. <input type="checkbox"/></p> <p>4. К подземному транспорту относится только метро. <input type="checkbox"/></p> <p>5. В инфраструктуру транспорта входят дороги, станции, вокзалы. <input type="checkbox"/></p>	Подводят итоги изученного материала		Рабочий лист






КАЛЫКОВА Толкынай Жумабековна,
М.Макаатаев атындағы тірек орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Шу ауданы.

МӘТІННІҢ ТҮРЛЕРІ

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	3.1 Мәтін түрлеріне сәйкес мәтін құрап жазу 4.3.1.1 берілген тақырып бойынша әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазу
Сабақтың мақсаты	Мәтіннің түрлерін ажыратады Шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастырып, жауап береді
Құндылықтар: Қазан айы: «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»	Сабақ құндылығы: Мемлекеттік тілді білу Апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Сабаққа дайындық жасау Тындау дағдыларын дамыту, сондай-ақ оқушыларды қатыстыру арқылы барлығын теңестіру, жағымды ахуал қалыптастыру. Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.			
Сабақтың ортасы 22 минут	<p>Жаңа тақырып:</p> <p>1. Мәтін дегеніміз-жазбаша немесе ауызша жеткізу. Мәтін бірнеше сөйлемнен құралады. Мәтін сөйлемдерді бір-бірімен мағына жағынан байланыстырып тұрады.</p> <p>2. Мәтіннің 3 түрі болады: Өңгімелеу Сипаттау Пайымдау</p> <p>1) Өңгімелеу мәтіні дегеніміз-оқиғаны ретімен баяндайды. 2) Сипаттау мәтіні дегеніміз-зат немесе құбылысты суреттеп, сипаттайды. 3) Пайымдау мәтіні дегеніміз-оқиғаның немесе құбылыстардың себебін дәлелдейді.</p> <p>СҰРАҚТАР:</p> <p>1. Сөз неден құралады?(дыбыстан) 2. Сөзден не құралады? (сөйлемнен) 3. Сөйлемнен не құралады?(мәтін) 4. Мәтін неден тұрады?(негізгі ойдан) 5. Мәтін құру үшін алдымен не құру керек? (жоспар)</p> <p>ТАПСЫРМАЛАР: ЖҰМБАҚ:</p> <p>1) Қар дейін десем Қап-қатты. Тас дейін десем Тәп-тәтті. (Қант)</p>		<p>Дескриптор: Берілген тақырып бойынша өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алды.-1б</p> <p>Оқу мақсатына сәйкес дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, сын тұрғысынан бағалап, көз жүгіртіп оқу дағдылары жетілдіріледі-1б</p> <p>Тақырыпты, мәтін түрін және негізгі ойды анықтап үйренді-1б</p> <p>Дескриптор: Мәтінге ат қояды, негізгі ойды анықтай алды-1б</p> <p>Мәтін құрастырып айта білді-1б</p> <p>Дескриптор: Сипаттау мәтінін құрай алды-1б</p> <p>Мысалдар келтіре алды-1б</p>	<p>Сурет</p> <p>оқулық</p> <p>оқулық</p>

	<p>2) Өргесең де ерімейді, Не тот басып шірімейді. Өн бойына су сіңбейді, Ылғал тартып, ірімейді. (Тас) 23-жаттығу Берілген мәтінді оқы. «Қант пен Тас» 1)Бұл мәтіннің қай түрі? (Пайымдау) 2)Неше бөліктен тұрады? (3. Басы, нег.ой,соңы) ТОПТЫҚ ЖҰМЫС: «Кім тез табады?» ойыны. Ойын шарты: Көп нүктенің орнына қажетті тірек сөздер қою. Бірінші болып орындаған топ жеңімпаз болады. 1-топ:Мәтінге ... – оның тақырыбы мен ондағы негізгі ойды қысқаша атау. (ат қою) 2-топ: ... – мәтінде баяндалатын оқиға мен ойдың түйіні. (негізгі ой) 3-топ: Мәтіндегі ... – автордың айтқысы келген ойы. (тақырып) 24-жаттығу Сурет бойынша әңгімелеу мәтінін құрастыру. «Қанат пен Марат көбелек қуып ойнап жүріп, ұясынан құлап түскен балапанды көреді. Олар кішкентай балапанды ұясына салу керектігін жөн деп санайды. Балалар өздерінің қайырымды іс жасағандарына риза болып, балапанды қызықтап тамашалайды.» Қорытынды бөлігін дәптерге жазу. «Балалар өздерінің қайырымды іс жасағандарына риза болып, балапанды қызықтап тамашалайды.»</p>	<p>Мәтінді оқып, сұрақтарды жалғастырып, жауабын көшіріп жазады Негізгі ойды, мәтін түрін анықтайды</p>	<p>Дескриптор: Мәтін түрлеріне ажыратты-1б Дәлелдер келтіре білді-1б «Смайл» әдісімен бағалау</p>  <p>Дескриптор: Айналадағы дүниеге сипаттама бере алады-1б Мәтін түрлерін ажырата алады-1б</p>	 <p>оқулық</p>
	<p>25-жаттығу Қарлығашқа сипаттама беру. ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС:</p>	<p>Қарлығашқа сипаттама береді</p>		
<p>Сабақты қорыту 6 минут</p>	<p>«Себеттегі алма» әдісі. СЕРГІТУ СӘТІ: Флешмоб 26-жаттығу. Сипаттау мәтіні бойынша сурет салып, үйді сипатта</p>	<p>Жұптық жұмыс жасайды Үй туралы сипаттама жазады</p>	<p>Дескриптор: Сипаттау мәтінінің ерекшеліктерін біледі-1б</p>	

<p>Қосымша тапсырма 2 минут</p> <p>Кері байланыс 5 минут</p>	 <p>ҚОРЫТЫНДЫ: «Футбол ойыны» әдісі арқылы. Үй тапсырмасы: 27-жаттығу Кестенің көмегімен «Сипаттау мәтінінің ерекшеліктері» тақырыбына хабарлама жаса.</p> 	<p>Мәтін түріне ажыратады Үй тапсырмасын алады</p> <p>Кері байланыс жасайды</p> 	<p>Мәтіндерді ажырата алады-16 «Футбол ойыны» әдісі</p>	<p>Сурет</p> <p>Оқулық Сурет</p> <p>Стикер</p> 
--	---	---	---	--

